Ш.ЕСЕНОВ атындағы
КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК
ТЕХНОЛОГИЯЛАР ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ

Ғылыми кеңестің шешімімен
(21.09.2017 № 1 хаттама)
БЕКІТІЛГЕН

МАГИСТРАТУРА БОЙЫНША ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

АҚТАУ 2017

1 Мақсаты мен қолдану саласы

1.1 Ш. Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг (әрі қарай – КМТИУ, университет) университетінде магистрлерді даярлау осы ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

2 Жалпы ережелер

2.1 Университетте магистратурада оқыту ғылыми-педагогикалық (2 жыл) және бейіндік (1 және 1,5 жыл) бағыттарда жүзеге асырылады.

2.2 Ғылыми-педагогикалық және бейіндік магистратура жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудегі кәсіптік оқу бағдарламалары жоғары оқу орнына, жоғары оқу орнынан кейінгі және ғылыми сфералары үшін кәсіптік дайындықты терең білетін ғылыми және педагогикалық кадрларды дайындауды іске асырады.

2.3 Ғылыми-педагогикалық және бейіндік магистратураның бітіруші құзыретіне қойылатын талаптар:

- қоғамдық өмірдегі ғылым және білімінің ролі туралы;
- ғылым танымын дамытудың қазіргі тенденциялары туралы;
- нақты ғылымның әдістемелік және философиялық (әлеуметтік, гуманитарлық, экономикалық) көкейкесті мәселелері туралы;
- жоғары мектеп оқытушысының кәсіби біліктілігі туралы түсінігі болуы керек.
- психологиялық әдістемесін және тиімділігін жоғарлату құралын және оқудың сапасын көтеруін;
- алған білімді өсуге және ғылыми зерттеу контекстінде идеяларды қолдануды;
- әртүрлі пәннің аясында алған білімді интегралдауды жаңа белгісіз жағдайда зерттеу мәселесін шешу үшін қолдануды;
- толық емес немесе шектелген ақпараттың негізінде білім интеграциясы жолымен талқылауға шығару және шешім қабылдауды;
- оқытудың интерактивті әдістемесін қолдануды;
- ақпараттық-аналитикалық және ақпараттық-библиографиялық жұмысын жүргізуге қазіргі ақпараттық технологияларды қолдануды;
- жаңа мәселелер мен жағдайларды шешу үшін креативті ойлау және шығармашылық көзқараспен қарауды;
- ғылыми-зерттеу және аналитикалық жұмыс нәтижелерін диссертация, есеп, мақала, аналитикалық жазбалар және т.б. білуі тиіс.
- ғылыми-зерттеу қызметіне, стандартты ғылыми мәселені шешуге;
- кредиттік оқыту технологиясы бойынша білім беру және педагогикалық қызметті жүзеге асыру;
- кәсіби пәндердің оқыту әдістемесі;
- оқу үдерісінде қазіргі ақпараттық технологияларды қолдану;
- кәсіби қарым-қатынас және мәдениетаралық байланыс;
- шешендік өнер, өз ойын ауызша және жазбаша түрде дұрыс және логикалық тұрғыдан рәсімдеу;
- күнделікті кәсіби қызметте және докторантурада білімін жалғастыру үшін білімін кеңейту және тереңдету дағдыларының болуы қажет.

2.4 Оқыту нәтижелеріне және бітірушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар.

Оқу нәтижесі құзыреттілік арқылы көрсетіледі және Дублин

дескрипторларының 2 деңгейлі оқыту (магистратура) негізінде жобаланған келесі қабілеттіліктер мен дағдыларды алуға сәйкес келеді:

- жоғарғы кәсіби білім деңгейінде алған білім мен түсінікті көрсететін, даму немесе ғылыми зерттеулердің контекстінде жиі қолданатын идеяларды қолдану;
- білімді қолдану, түсіну және оқытылатын саламен байланысты жаңа немесе белгісіз жағдайларда контекстер мен кеңірек шеңберде мәселелерді шешу қабілеті;
- білімді интегралдау, күрделіліктерді жеңе білу және талқылауға толық емес немесе шектеулі ақпараттың негізінде, бұл талқылау мен білімді қолдануға әдеп және әлеуметтік жауапкершілікті есепке алып шығару;
- өз қорытындыларын және білімін, олардың дәйектемесін мамандарға және маман еместерге айқын және ашық хабарлау;
- оқуды өздігінен жалғастыру.

2.5 Магистратурада білім алу мемлекеттік білім тапсырысы негізінде тек қана күндізгі оқу түрінде жүргізіледі.

3 Нормативтік сілтемелер

Осы Ережені әзірлеуде келесі нормативтік құжаттарға сілтемем жасалған:

- Қазақстан Республикасы 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» заңы (Қазақстан Республикасы 2017 жылғы 25 желтоқсандағы толықтырулар мен өзгерістер енген);
- Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 Қаулысымен бекітілген «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (2016 жылғы 13 мамырдағы №292 өзгерістер мен толықтырулар);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурызындағы №125 бұйрығымен бекітілген «Білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүргізудің үлгі ережесі» (30.01.2017ж. №36 өзгерістер мен толықтырулар);
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығымен бекітілген «Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастырудың ережесі» (02.06.2014 №198 өзгерістер мен толықтырулар);
- Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім мамандықтарының жіктеуішіне;
- жұмыс оқу жоспарлары мен академиялық күнтізбеге;
- магистранттың жеке оқу жоспарларына;
- пәндер бойыншаоқу бағдарламалары.

4 Процесті баяндау

4.1 Магистратураға қабылданғаннан кейін екі айдың ішінде магистрлік диссертацияға басшылық жасау үшін ғылыми жетекші тағайындалады.

Ғылыми жетекші және магистранттың зерттеу тақырыбы КМТИУ Ғылыми кеңес мәжілісінде талқыланып, университет ректорының бұйрығымен бекітіледі.

4.2 Магистранттың ғылыми жетекшісінің ғылыми дәрежесі және

магистранттың оқу мамандығына сәйкес салада ғылыми зерттеулері болуы керек. Қажет жағдайда ұқсас ғылым саласы бойынша ғылыми кеңесшілер тағайындауға болады.

4.3 Магистратураның әрбір мамандығы бойынша дайындық жұмыс берушілердің талаптары мен қоғамның әлеуметтік сұранысының талаптарына сәйкес арнайы компетенциясымен жүргізіледі.

4.4 Кәсіптік құзыреттіліктер магистратураның әрбір мамандығы бойынша кәсіптік стандарттар негізінде жұмыс берушілердің талаптары мен қоғамның әлеуметтік сұраныстары ескеріле отырып анықталады.

4.5 Магистранттардың қорытынды аттестациясы - магистранттың білімі, қабілеті, дағдысы және біліктілігі мен мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талаптарына сәйкестігін анықтауға бағытталған магистранттың оқу жетістігін бағалайтын мемлекеттік бақылау түрі.

4.6 Магистранттардың қорытынды аттестациясы академиялық күнтізбемен және мамандықтардың жұмыс оқу жоспарында ескерілген мерзімдерде кешенді емтихан және магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғау формасында жүргізіледі.

4.7 Кешенді емтихан мен диссертацияның (жобаның) қорғалуы Мемлекеттік аттестация комиссиясымен (МАК) жүргізіледі.

4.8 Магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша оқуды бітірген тұлғаға «магистр» дәрежесі тағайындалып, дипломға қосымшасымен (транскриптпен) мемлекеттік үлгідегі диплом беріледі.

5 Процестерді қамтамасыз етушілер

5.1 Құжаттарды басқару.

Құжаттарды басқару процесі қажетті нормативті-құқықтық, ішкі нормативтік, ұйымдастыру-құқықтық және ғылыми-педагогикалық кадрларды дайындау мен біліктілігін жетілдіру процестерінің тәртібін белгілейтін құжаттарды дайындау мен бекітуден тұрады.

5.2 Қызметкерлердің басқаруы.

Ғылыми-педагогикалық кадрлерді дайындау мен біліктілігін жетілдіру процесіне кафедра меңгерушілері, факультет декандары қатысады.

5.3 Үйлестіру және бақылауды ұйымдастыру.

Үйлестіру және бақылау процесі магистранттың қажет болған жағдайда керекті мәліметтерді мерзімінде және үнемі алып тұруын қамтамасыз ететін ақпараттық процестерді ұйымдастыруға бағытталған. Үйлестіру және бақылау процесін ұйымдастыру екі деңгейде жүзеге асырылады:

- кафедра мен факультет деңгейінде;
- университет деңгейінде.

5.4 Университет деңгейіндегі бақылау процесі.

Магистратураға түсу кезінде кандидаттың әрқайсысына жеке іс-құжаты ашылады. Жеке іс-құжатының ішінде

- қабылдау емтихандарын тапсыруға жіберу туралы өтініш;
- жоғары білімі туралы дипломның түпнұсқасы, дипломға қосымшаның (транскрипт) түпнұсқасы;
- шет тілінен емтихан тапсырғаны туралы сертификат;
- келісім-шарт;
- еңбек кітапшасының көшірмесі;
- ғылыми-педагогикалық мақалаларының тізімі;
- кадрлерді тіркеудің жеке парағы;
- медициналық анықтама формасы 086/у;

- 3х4 көлемді сурет, 6 дана;

Магистратураға қабылданғаны туралы бұйрыққа сәйкес жеке іс-құжатына келесі құжаттар қосылады:

- магистратураға қабылданғаны туралы бұйрықтың көшірмесі;
- қабылдау емтихандарының тест жауаптары.

5.5 Магистранттардың жеке іс-құжаттары барлық оқу мерзімінде тіркеу бөлімінде сақталады.

5.6 Барлық оқу мерзімі ішінде әрбір магистрант емтихан сессиясын тапсыруға, ғылыми басылым бетінде кемінде 1 мақала жариялауға міндетті. Емтихан сессиясын тапсыру нәтижесінде келесі курсқа көшірілгені туралы бұйрықтың көшірмесі тіркеледі.

5.7 Кафедра деңгейіндегі магистрантты бақылау процесіне кафедра меңгерушісі, факультет деңгейінде факультет деканы жауапты.

5.8 Шетелден келген азаматтар үшін де магистратурада жүргізілетін оқу жүйесі, қойылатын талап өзгертілмейді.

5.9 Шетелден келген азаматтардың бакалавр дипломы нострификациядан өтпеген жағдайда магистратураға қабылданбайды.

6 Жауапкершілік және өкілеттілік

6.1 Ереже талаптарының орындалуына оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор жауапты болып табылады.

6.2 Ереже университеттің оқу-әдістемелік кеңесінде талқыланып, Ғылыми кеңеске бекітуге ұсынылады.

6.3 Ереже университеттің Ғылыми кеңесінде қарастырылып, Ғылыми кеңес төрағасы тарапынан бекітіледі.

7 Келісу, сақтау және тарату

7.1 Ереженің тиісті құрылымдық бөлімдерге жіберу жауапкершілігі университет кеңсесінежүктеледі.

7.2 Ереженің түпнұсқасы университет кеңсесінде сақталады.

Кесте -1


магистранттар дайын-дауға лицензиясы бар мамандықтар тізімі
Магистранттар қабылдаудың жылдық жоспарын дайындау
Жауапты: ОӘЖ жөніндегі проректор
Жылдық жоспар
Жылдық жоспар
Магистратураға орын саны тапсырыс қарастыру және оны ҚР БҒМ-не сұраныс беру
Жауапты: ОӘЖ жөніндегі проректор
Магистратураға орын санына тапсырыс
Магистратураға орын санына тапсырыс
ҚР БҒМ-нің Магистратураға даярлауға мемлекеттік білім тапсырысын алу
Жауапты: ОӘЖ жөніндегі проректор
ҚР Магистратураға даярлаған мемлекеттік білім тапсырысы
Магистратураға қабылдау туралы хабарландыру
Жауапты: қабылдау комиссиясы – (ҚК)
Мамандық пен дайындық бағытын көрсеткенөтініштер
Магистратураға қабылдау Ережесіне сәйкес өтініштер қабылдау
Жауапты: ҚК
Магистратураға түсу-шінің жеке іс-құжаты
Магистратураға талапкерлер тізімі
Магистратурағаталапкерлер тізімін ҚР БҒМ қабылдау комиссиясына жіберу
Жауапты: ҚК
Қабылдау емтихандарына жіберілгендердің тізімі
Қабылдау емтихандарына жіберілгендердің тізімі
Шет тілі бойынша емтиханға талапкерлерді ұйымдастыру, жіберу
Жауапты: ҚК
Шет тілінен өткен талапкерлер тізімі
Шет тілінен өткен талапкерлер тізімі
Мамандық пәннен қабылдау емтихандарын тапсыруға жіберілген талапкерлер тізімі
Жауапты: ҚК
Мамандық пәннен емтиханға кіретіндер тізімі
Мамандық пәннен емтиханға кіретіндер тізімі
Мамандық пәннен емтихан қабылдау және конкурстық комиссияларын құру
Жауапты: ҚК
Емтихан қабылдау комиссиясы
Емтихан қабылдау комиссиясы
Мамандық пән бойынша қабылдау емтихандарының кестесін бекіту
Жауапты: ҚК, ОӘБ
Қабылдау емтихандарының кестесі

Қабылдау емтихандарының кестесі
Мамандық пәндерінен қабылдау емтихандарын ұйымдастыру және өткізу
Жауапты: ҚК
Шет тілі мен мамандық пәнінен қабылдау емтихандарын тапсыру ведомосттары
Магистратураға қабылдау қабылдау өтінішін кері қайтару
Мемлекеттік тапсырыс бойынша магистратураға қабылдаудың конкурстық комиссиясының шешімі
Жауапты: конкурстық комиссия төрағасы
ТР квотасы негізінде қабылдау бұйрығы
Ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлаудын
Келісім-шарт негізінде қабылдау бұйрығы
Мем.тапсырыс бойынша магистратураға қабылдау
Стипендия тағайындау бұйрығы

Кесте-2 Оқу процесін ұйымдастыру




Магистрлік диссертация (жоба)
магистрлік диссертацияны (жобаны) алдын-ала қорғау
Алдын-алақорғаудың хаттамасы
магистрлік диссертацияны (жобаны) қорғауға жіберу туралы бұйрық
Жауапты: Ғылыми Кеңес, Тіркеу бөлімі
Магистрлік диссертация (жоба)
магистрлік диссертацияны (жоба) қорғау
Жауапты: кафедра, магистрант
Жок
Магистрант қорғады ма?
Ия
магистрлік диплом беру
Жауапты: Тіркеу бөлімі

Кесте- 3

Магистрлік диссертация (жоба)қорғауды ұйымдастыру процесі




Магистрді МАК-на магистрлікдиссер-
тация (жоба) қорғауға жіберу туралы бұйрық шығару
Жауапты: офис тіркеуші
Магистрлік диссертацияға(жобаға) өзгерістер мен
түзетулер енгізу
Жауапты: ғылымижетекші, магистрант
Магистрлік диссертация (жоба) қорғауға қажетті
құжаттарды жинастыру
Магистрлік диссертация(жо
ба)
МАК алдында Магистрлік диссертацияны (жобаны)
қорғау
Жауапты: комиссия төрағасы
МАК шешімі
МАК
шешімі
Білімі негізінде магистрлік диплом беру туралы
бұйрық шығару Жауапты: тіркеу бөлімі
Диплом беру
туралы бұйрық
Магистрлік дипломын толтыру және тапсыру
Жауапты: Тіркеу бөлімі
Диплом беру
туралы бұйрық
Магистр
дипломы